6D020500-Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін **««Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінің (XII ғ.) лингвотекстологиясы»** тақырыбындағы
Ильясова Назгул Бултириковнаның
диссертациялық жұмысына отандық жетекшісінің

П І К І Р І

Біздің заманымызға келіп жеткен тіл тарихынан дерек беретін жалпытүркілік мұралар аз емес, солардың бірі – «Һибат-ул хақайиқ» жазба ескерткіші. Бүгінгі уақытта жалпы түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің де тарихына байланысты ортағасырлық жазба ескерткіштердің бірқатары кешенді түрде ғылыми тұрғыдан зерттеу объектісіне айналған. Сондықтан адамзат құндылықтарының бірі болып саналатын орта ғасыр ескерткіштері арнайы зерттеуді қажет ететін баға жетпес мұралар қатарынан орын алады. Сол себепті қазақ тіліне қатысы бар ескерткішті тілдік тұрғыдан зерттеп ғылыми айналымға қосу жұмыстың өзектілігін арттырады.

Орта ғасырда жазылған ескерткіштердің біразы көне түркі әдеби тілінің қыпшақ-оғыз, оғыз-қыпшақ варианттарында жазылғаны тілші қауымға белгілі. Сондықтан қазақ тілінің ежелгі арналарындағы сөздердің құрылысын бүгінгі тілдік жүйемен салыстыра отырып зерттеу, көп жайттың негізін ашары анық. Ондағы әрбір тілдік бірліктердің жасалу жолдары, дыбыстардың өзгеру заңдылықтары, сөздердің мағыналық ерекшеліктері, морфологиялық құрылымы жағынан түркі тілдерінің ескерткіштер тілінде қайсысының үлесі басым деген сұраққа лингвостатистикалық талдау мен лингвотекстологиялық талдау ғана жауап бере алады. Осы бағытта зерттеу жүргізілгені ізденушінің диссертациялық жұмысының басты міндетіне жатады.

Ескерткіштің лексикасын статистикалық тұрғыдан зерттеуде маңызы зор мәселелердің бірі – ескерткіштегі түркі сөздерінің жиілігін анықтау. Бұл өз кезегінде ескерткіш тіліндегі қайсібір түркі тілдерінің элементтері көп қолданылуын айқындау арқылы ескерткіштің сол тілдің негізінде жазылғанын аңғаруға септігін тигізеді. Ескерткіш тілінің нұсқаларын өзара салыстырып, лексикалық, фонетикалық және грамматикалық жағынан ұқсастығы мен айырмашылығын көрсетуге арналған бұл зерттеу жұмысының өзектілігі жоғары.

Диссертациялық жұмыста зерттеу нысанына байланысты теориялық мәселелерді шешуде түркологтар В.В. Радлов, А.М. Щербак, Н.Асым, Р.Р. Арат, Э.Н. Наджиптің ғылыми еңбектері дереккөз ретіне пайдаланылған. Қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымдары Ә. Ибатов, Ә. Қайдар, Ә. Құрышжанов, Б. Әбілқасымов, Р. Сыздық, Б. Сағындықұлы, А. Салқынбай еңбектеріндегі теориялық тұжырымдарды басшылыққа ала отырып, ізденуші жазба мәтінге текстологиялық зерттеулер жүргізе отырып, көшірмешілер тарапынан түпнұсқадағы түркі сөздерінің түркі сөздерімен және түркі сөздерінің араб-парсы сөздерімен алмастырылуының себептерін нақты дәлелдермен көрсеткен. Зерттеу жұмысының бірінші тарауында ескерткіш тілінің көшірмелеріндегі фонетикалық ерекшеліктерді, грамматикалық тұлғаларды А, Ә, Б нұсқалары

бойынша салыстырып, жан-жақты талдап көрсеткен. Жазба ескерткіш тіліндегі кейбір тілдік элементтердің фонетикалық тұрғыдан өзгеріске түскендігінің себептері айқындалған. Сонымен қатар ескерткіштегі тілдік элементтер қазіргі түркі тілдерімен салыстырылған. Фонетикалық өзара жігі бөлініп тұратын оғыз бен қыпшақ тілдерінің басты-басты дыбыс айырымдарын тіл тарихымен байланыстыра отырып терең талдаулар жасаған. Бұл қазіргі барлық түркі тілдеріне тән басты фонетикалық, грамматикалық заңдылықтардың бағыт-бағдарын, өткен кезеңдердегі қалпын айқындауға мүмкіндік береді. Орта ғасыр жазба ескерткішінің лексикалық құрамындағы қазақ тілі тұрғысынан көне сөздерді бөліп алып олардың әрқайсысына жіті тоқталған. Кейбір қазақ тілінде қолданылмайтын сөздердің қазіргі түркі тілдерінің оғыз тобына жататынын анықтап, тарихи ескерткіштердегі тұлғалануын да көрсеткен.

Диссертацияның екінші тарауында ескерткіш тіліндегі кездесетін барлық морфологиялық формалардың сипаты мен статистикасын нақтылап, айқындаған.

Ізденуші ескерткіш тіліндегі қолданылған жалпытүркілік сөздердің қолданылу жиілігін Махмуд Қашқаридің сөздігінің негізінде қыпшақтық, оғыздық, қарлұқ-ұйғырлық деп ажырату арқылы ескерткіште оғыз-қыпшақ элементтерінің басым қолданылғанын анықтаған. Бұл тарихи ескерткіштердегі тілдік бірліктердің негізін тану үшін аса маңызды факт болары сөзсіз.

Зерттеудің құрылымы, мазмұны мен көлемі, ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, зерттеу барысында жасалған тұжырымдары мен түйіндері, жұмыстың нәтиже-қорытындылары, рәсімделуі докторлық диссертацияға қойылатын талаптарға сай келеді, аталған жұмысты қорғауға жіберілуге болады деп есептейміз.

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
Филология факультеті
А. Байтұрсынұлы атындағы
Қазақ тіл білімі кафедрасының
доценті, ф.ғ.к. **Б.Р. Кулжанова**

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«10» 01 2025 ж./г.

«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ»
NON-PROFIT JOINT-STOCK COMPANY «AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY»
ӘЛ-ФАРАБИ УНИВЕРСИТЕТІ
БИН 990140001154